



БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Білім беру мен оқытуды
ұйымдастыру





Оқыту мақсатында балаларды топқа бөлу

1964 жылы Англияда жүргізген зерттеуінде Брайан Джексонның (Jackson, 1964) бастауыш мектеп оқушыларын олардың математикалық және сауаттылық деңгейіне қарай түрлі топтарға бөлу жөніндегі зерттеуі басқаларға ерекше әсер етті. Ол әлеуметтік және білім беру саласындағы теңсіздікті адамдар саяси және экономикалық тұрғыдан түсіне бастаған кезге дөп келген еді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, Джексон өзінің оқушыларға артар үмітке еш шектеу қоймайтын білім беру тәсілдемесін жасап, осы арқылы оқушыларды нақты бір мақсатқа қол жеткізу міндетінен босатты. Сонымен қатар, ол оқушылардың қызығушылығын туғызып, қажеттілігіне жауап бере аларлықтай білім беру ресурстарын да жасап шығарды. Ол сол кезде көп талқыланып жатқан өзін-өзі сендіру мәселесін жан-жақты түсіндіре келіп (Rosenthal and Jacobson, 1968), мұғалімдердің оқушыларға артар үміттері олардың жетістігіне шектеу қояды деген пікір айтады. Харгривз (1972) деректердің бір-біріне сәйкес келмегеніне қарамастан, баланың әлеуетін жақсартуға болады деп сену және бұл сенімді балаға жеткізу әлеуетті ашудың негізгі тәсілі деген пікір айтады. 1967 жылы ол топқа бөлудің жаңа орта мектеп оқушыларына тигізер әсерін зерттей отырып, төменгі топтардың ішінде суб-мәдениеттің дамитынын анықтаған.

Қабілеті аралас топтарға білім беру

1960 жылдардың соңында жалпы білім беру мектептері ашылғаннан кейін, топқа бөлуді дифференциялау формасы ретінде қолдануға байланысты туындаған мәселелер жойылады деп сенді. Алайда, өзгерістерге деген қарсылық пен түрлі қабілетке ие балаларды қосып оқыту бойынша тәжірибенің жетіспеуі жаңа орта мектептер мен гимназиядағы оқушыларды жалпы білім беру мектептерінде қайта топқа бөлуге алып келді. Білім және ғылым министрлігі (1978а) қабілеті аралас оқушыларды бір топқа жинаудың әлеуметтік маңызын былай сипаттайды: жеке оқушының тең мүмкіндіктері болады, оны ешкім шеттетпейді, басқалардан бөлімейді; ал, мұғалімнің бақылау мүмкіндігі жоғары болады, себебі, мұндай топта арта қалу жайлы қорқыныш болмайды, ол топтың бірлесе жұмыс істеуіне, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатуына және бәсекелес/агрессивті мінез-құлықтың азаюына мүмкіндік береді; қоғамдық тұрғыдан алып қарастырар болсақ, ол таптық айырмашылыққа қарсы күресіп, бәсекеден тыс, элитарлық емес қоғам құруға көмектеседі.

Пәндік қабілеті бойынша жеке оқыту мен бірге оқыту

Дифференциалды оқыту деңгейінен тұратын ұлттық оқу жоспарын енгізу топпен оқыту саясатын өзгертуге алып келді (Boone and Moon, 1994). Оны үкіметтік Білім беру сапасын арттыру журналы орта және бастауыш мектептер үшін аса қажет деп ашық түрде қолдады (DfEE, 1997). Түрлі қабілетке ие балалар мен емтихан нәтижелерінің төмен болуы арасында байланыс бар деген түсінік қалыптасуы мүмкін екендігіне байланысты, емтихан нәтижелерін жариялау көптеген адамдардың аралас қабілеті бар балаларды бірге оқыту әдісін қолдауына алып келді (Boaler, 1997). Мектептер түрлі қабілетке ие балаларды оқыту әдісі мен оны қолдау үшін қолайлы білім беру стратегиясын жасаудың орнына бір пән бойынша қабілеттері бірдей балаларды жеке оқыту әдісін таңдады (Weston, 1996).

Топтық құрылым, педагогикалық стратегия, академиялық жетістік және әлеуметтік қанағат ортасында күрделі байланыс бар. Демек, оқыту топтарына бөлумен салыстырғанда, сабақ кезінде қолданатын стратегиялардың маңызы жоғары деген қорытынды шығаруға болады. Славин түрлі топтық құрылымда, белгілі бір уақыт аралығында нақты бір студенттерге сай келетін білім беру әдістерін қалай дұрыс таңдап алу керектігін дұрыс түсіну керек дейді, себебі, ол оқушылар бір-біріне ұқсамайды, ал, жетістік айырмашылығын топқа бөлу арқылы шешуге болады деген көзқарасты құптамайды (1993: 13)

Дифференциалды оқыту

Негізгі қағидалары

Оқушының қандай топта екендігіне қарамастан, 1990 жылдары негізгі педагогикалық әдістеме ретінде оқыту тәжірибелерін, оқушыларға арналған тапсырмалар мен материалдарды дифференциялау кеңінен қолданыла бастады. Оқытудың дифференциалды әдістемесінің екі түрлі қағидасы бар. Біріншісі, кейінірек Ұлттық оқу жоспары кеңесінің дифференциялау терминіне берген анықтамасында «қабілеттер»



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Білім беру мен оқытуды ұйымдастыру

деп өзгертілген, мағынасы түсініксіздеу «қабілет» терминін өзгерту, яғни, оқушылар қатардан қалмай, басқалармен бірдей жетістікке жете алуы үшін жұмысты қабілетке сәйкестендіру (NCC, 1993: 78)

Бұл түрлі контекст кезінде тұрақты болып қала беретін бір ғана қабілетті емес, керісінше, көптеген дағдыларды, оқушылардың қызығушылықтарын және талантын өзгертуге алып келді. Түрлі қабілеттерге жауап беру немесе оларды жұмыспен сәйкестендіру идеясын қабілетке берілген бұл анықтаманы қабылдаудың табиғи нәтижесі деуге болады. Осыған байланысты, Виссер дифференциялауға «мұғалімдердің әр топтағы жеке оқушының білім алу стратегиясына сай келетін білім беру тәсілдерін тандап ала отырып, оқу жоспары арқылы прогреске деген сұранысқа жауап бере білу процесі» деген анықтама береді (1993: 15).

Терминдер

Дифференциациялап оқыту – бұл әр оқушының қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып жеке басын дамытуды қамтамасыз ететін білім берудің жүйесі.

Агрессивті - адам әрекетінің ерекше формасы, мұндай мінез құлық субъектінің нұқсан келтіру мақсатымен өзінен басқа адамға немесе адамдар тобына өз артықшылығын білдіріп, қыр көрсетуі немесе күш қолдануға тырысуымен сипатталады.

Сұрақтар:

1. Қабілеті аралас топтарға білім берудің сипаттары қандай?
2. Пәндік қабілеті бойынша жеке оқыту мен бірге оқытудың сипаттары қандай?
3. Дифференциалды оқыту дегеніміз не?